

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкін (Қазақстан Эксимбанкі) туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 12 қыркүйек N 1017. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996.02.15. N 208 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Экспорт-импорт банкін құру туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 16 маусымдағы N 1815 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1995-1997 жылдарға арналған бюджет жобаларында Қазақстан Эксимбанкінің жарғылық және міндетті резерв қорын толықтыруға шығыстарды көздесін, оның ішінде жылдар бойынша:

1995 жылы - 20 млн. АҚШ доллары, 1996 жылы - 20 млн. АҚШ доллары және 1997 жылы - 20 млн. АҚШ доллары.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Alem Bank Kazakhstan-мен бірлесе отырып үстіміздегі жылдың 1 қазанына дейінгі мерзімде Alem Bank Kazakhstan активі мен пассивіндегі мемлекеттік үлесті Қазақстан Эксимбанкіне кезең-кезеңмен өткізу туралы Келісімге қол қоятын болсын.

3. Қазақстан Эксимбанкі Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан және (немесе) оның тапсыруы бойынша Alem Bank Kazakhstan және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі басқа банктері қол қойған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы кепілдік беретін кредиттік келісімдерден туындайтын барлық халықаралық міндеттемелер бойынша аталған банктердің құқықтық мұрагері болады және оларды пайдалану мен қызмет көрсетуді жалғастыра береді деп белгіленсін.

Қазақстан Эксимбанкі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Әділет министрлігімен және банктерімен бірге Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан және оның тапсыруы бойынша қол қойылған үкімет кепілдіктері мен кредиттік келісімдерін қайта ресімдеуге кіріссін.

4. Шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттік Қазақстан Эксимбанкін қатыстыра отырып, бір апта мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттіктің кейбір

қызметін беру жөніндегі ұсыныс енгізісін.

5. Қазақстан Эксимбанкiнiң Басқармасы 7 адам құрамында бекітілсін: Басқарма төрағасы, Басқарма төрағасының екі орынбасары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің өкілі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары, Экономика министрінің орынбасары және Ұлттық Банкінің Басқарма төрағасының орынбасары. <*>

Қазақстан Эксимбанкi Басқармасының төрағасы бір ай мерзім ішінде Министрлер Кабинетіне Қазақстан Эксимбанкi Басқармасының жеке құрамы жөнінде ұсыныс енгізісін.

Қазақстан Эксимбанк Басқармасының төрағасы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарымен тағайындалады және орнынан босатылады. Қазақстан Эксимбанкi Басқармасы төрағасының орынбасарлары Қазақстан Эксимбанкi Басқармасы төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларымен тағайындалады және орнынан босатылады. <*>

Ескерту. 5-тармақ жаңа абзацпен толықтырылған - Қ.Р.К.М.

27 қазан 1994 ж. N 1185 қаулысымен.

5-тармақтың бірінші абзацында сөздер алмастырылған және толықтырылған - ҚРМК-нің 2.01.1995 ж. N 109 қаулысымен.

6. Қазақстан Эксимбанкi Қазақстан Республикасының Қаржы, Экономика және Әділет министрліктерімен бірге Ұлттық Банкінің келісуімен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 20 наурыздағы N 1607 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігіне берілетін шетел инвестицияларын тарту, пайдалану және есепке алу жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі Ережеге өзгертулер енгізу туралы ұсыныс енгізісін.

7. Қазақстан Эксимбанкiне:

а) жобаларды сараптауды ұйымдастыру үшін арнаулы бөлімшелер құруға және оған қатысуға;

ә) ақы төлеу және т.б. жөнінде шетел мамандарын келісім негізінде жұмысқа немесе жұмысты ұйымдастыруға жалдауға;

б) республикада және шетелде белгіленген тәртіппен өкілдіктер ашуға;

в) банк мамандарының еңбегіне ақы төлеу жүйесі мен мөлшерін және материалдық ынталандыру мен әлеуметтік қамтамасыз етудің басқа да түрлерін дербес белгілеуге;

г) кірістерді шетел валютасымен және теңгемен халықаралық ұйымдарға жарна төлеу, өкілдіктерді ұстау, техникалық жабдықтау, күрделі және басқа шығыстарды қоса алғанда ағымдағы шығыстарды өтеуге жұмсауға;

д) шығыстардың ішінде шетел валютасымен өкілдік шығыстарды көздеуге рұқсат етілсін.

8. Қазақстан Эксимбанкіне Басқарма төрағасының төрт орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын ұстауға рұқсат берілсін.

9. Қазақстан Эксимбанкі төрағасының лауазымы медициналық және тұрмыстық қызмет көрсету шарттары бойынша министр лауазымына, ал Басқарма төрағасының орынбасарларының лауазымы - министр орынбасарларының лауазымына теңестірілсін.

10. Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Эксимбанкі Басқармасының төрағасын және оның орынбасарларын үкіметтік байланыс арналарымен, сондай-ақ қажетті мөлшерде халықаралық факс, телекс, телефон байланыстарымен бірінші кезекте қамтамасыз етсін.

11. Қазақстан Эксимбанкінің Алматы қаласындағы мекенжайы белгіленсін. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзім ішінде Қазақстан Эксимбанкіне банк қызметінің ерекшелігіне сай қызмет үйін бөлсін.

12. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 16 шілдедегі N 1815 Жарлығымен және осы қаулымен сәйкестендіру жөнінде ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі